

# ОРГАНИЗАЦИЯ И ЭКОНОМИКА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2019

УДК 616.12-008.331.1 -084

**Е. Ж. Махамбетчин<sup>1</sup>, Т. С. Серғалиев<sup>1</sup>, Ш. Д. Джакетаева<sup>1</sup>, А. К. Блялова<sup>1</sup>,  
Г. В. Каршалова<sup>1</sup>, Д. С. Аубакирова<sup>1</sup>, А. М. Жолдыбаева<sup>2</sup>**

## АРТЕРИЯЛЫҚ ГИПЕРТЕНЗИЯМЕН АУЫРАТЫН ПАЦИЕНТТЕРДІҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚӨМЕКТІҢ ҚОЛЖЕТИМДІЛІГІ МЕН САПАСЫ ТУРАЛЫ ПІКІРЛЕРІН ТАЛДАУ

<sup>1</sup>КЕАҚ «Қарағанды медицинсалық университеті» (Қарағанды, Қазақстан),

<sup>2</sup>АҚ «Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрк Университеті» (Түркістан, Қазақстан)

Мақаласы артериялық гипертензиямен ауыратын пациенттердің медициналық қемектің қолжетімділігі мен сапасы туралы пікірлерін талдауға арналған. Қазіргі уақытта мамандардың көпшілігі артериялдық гипертензияны бар науқастар өзін-өзі емдеу процесіне белсенді қатысуын орынды деп таниды. Бұған кең мүмкіндіктер артериялдық қысымды өзі бақылау әдісін ұсынады, ол пациенттің емге бейімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Артериялық қысымды дербес бақылау әдісі қазақстандық, европалық және американцы мамандармен регламенттеген профилактикалық іс-шаралар кешенінің маңызды элементі болып табылады.

*Кілт сөздер:* артериялық гипертензия, қан қысымы, алдын-алу, медициналық қемек, қол жетімділік

Әлемдік әдебиетте АҚ жоғарылауымен латентті ағымдағы жағдайларды анықтау үшін бірқатар арнайы терминдер пайдаланылады: ақ халаттың гипертензиясы, маскаланған гипертензия, гипертензия алды – систолалық артериялдық қысымы 120-139 мм сын. бағ. және 80-89 мм сын. бағ. диастоликалық артериялдық қысым деңгейіне сәйкес келетін жағдай [5]. Тұрақты артериялық гипертензиядан маскаланған сияқты ақ халат гипертензиясының дифференциалды диагностикасының басты әдістері, артериялық қысымның тәуліктік мониторингі (АҚТМ) және АҚ-HBPM үйде тіркелу (Home Blood Pressure Monitoring) немесе АҚФБ (артериялық қысымды өзін-өзі бақылау) болыа табылады [4]. Жұқпалы емес аурулардың алдын алуудың маңызды бөлімі салауатты өмір салтына қажеттілікті құруға ықпал ететін халықты санитариялық-гигиеналық білімін, сондай-ақ медицина қызметкерлерінің медициналық білімін мамандардың деңсаулықты нығайту және алдын алу қағидаттарын тереңдетіп оқыту жағына қайта бағдарлау болып табылады [2].

### НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ТАЛДАУЫ

Есеп беру нысандарын талдау негізінде жүргізілген «Қарағанды қаласының № 3 қалалық емханасы» ШЖҚ РМК қызмет көрсететін Қарағанды қаласы халқының ауру деңгейін зерттеу 2014 жылы артериялдық қысым таралуы 1000 адамға шаққанда 45,4 оқиғаны құрағанын көрсетті (1 сурет). Бұл көрсеткіш деңгейі 2015 жылы 40,8-ға дейін және 2016 жылы 1000 адамға шаққанда 38,6-ға дейін төмендеді, 2017 жылы артериялдық гипертензиямен аурушандық деңгейі 1000 адамға шаққанда 35,9-ға дейін төмендеді. Алайда 2018 ж. – халық арасында артериялық гипертензияның жалпы аурушандығының артуы

анықталды. Бұл көрсеткіштің мәні 2018 жылмен салыстырғанда 6,6%-ға артты.


Трендтің сызықтық тендеуі барлық бақылаушылардың 59,3%-ын болуы жалпы аурушандық көрсеткішінің өзгеруінің қарастырылып отырған кезеңінде бұл көрсеткіштің төмендеуінің тұрақты үрдісі туралы айтуда болатынын көрсептің тұр.

Артериялдық гипертензияның бастапқы аурушандық динамикасын талдау бақылау кезеңі ішінде осы көрсеткіштің елеулі азаюын күеландырады – жалпы 2014 жылдан бастап 2,3 есе азайды. Мысалы, егер 2014 жылы бұл көрсеткіштің мәні 1000 адамға шаққанда 3,1 жағдайды құраса, 2015-2016 жылдарға қарай оның деңгейі 1,3-ке дейін азайды (2 сурет). Одан әрі, 2017 жылы артериялық гипертензияның алғашқы ауруы 1000 адамға шаққанда 1,3 жағдайды құрап, одан да көп дәрежеде төмендеді, 2018 жылы бұл көрсеткіштің мәні бұрынғы деңгейде қалды. Трендтің сызықтық тендеуі қарастырылып отырған кезеңде байқалған көрсеткіштің барлық өзгерістерінің 85%-ын түсіндіреді, бұл алғашқы аурушандықтың тұрақты төмендеу үрдісін көрсетеді [1].

Осылайша, Қарағанды қаласы халқының 2014-2018 жж. артериялық гипертензиямен сырқаттанушылық деңгейінің динамикасына жүргізілген талдау таралуы мен алғашқы сырқаттанушылық көрсеткіштерінің төмендеу тенденциясының бар екенін күеландырады.

Диспансерлік-динамикалық бақылаудағы (артеиялдық гипертензиясы бар пациенттердің барлық іріктеуінен) артериялдық гипертензиясы бар науқастарының салыстырмалы санының 2014-2018 жж. есінің жалпы үрдісі белгіленді – бұл көрсеткіштің мәні 2014 ж. 100 артериялдық гипертензиямен ауыратын науқасқа шаққанда 31,8 тең келсе, 2014 ж. 100

## Организация и экономика здравоохранения



1 сурет – Қарағанды қаласының тұрғындары арасында артериялық гипертензияның таралу динамикасы (1000 адамға шаққанда)

1 кесте – Артериялдық гипертензиямен ауыратын науқастарының жас ерекшелігін сипаттау көрсеткіштері

Жауап нұсқалары	Ерлер (n=181)		Әйелдер (n=133)		Жиыны (n=314)		P
	абс.	%	абс.	%	абс.	%	
30-39 жас тобына жатады	34	18,7	8	6,1	42	13,4	<0,05
40-49 жас тобына жатады	51	28,1	31	23,3	82	26,1	>0,05
50-59 жас тобына жатады	96	53,2	94	70,6	190	60,5	<0,05

артериялдық гипертензиясы бар науқастарына шаққанда 39,7-ге дейін өскенін байқадық. Алайда 2018 ж. бұл көрсеткіштің мәні біршама төмөндеп, 100 артериялдық гипертензиясы бар науқастарына шаққанда 37,6 құрады.

Артериялдық гипертензиямен ауыратын науқастар үшін денсаулық мектебінде оқудан өткен науқастардың саны бақылау кезеңінде өзгерудің тұрақты үрдісі болған жоқ. Осылай үкес артериялдық гипертензиямен ауыратын науқастардың жалпы санына қатысты мектепте оқудан өткен пациенттердің салыстырмалы санының көрсеткіші үшін де анықталды. Осылайша, 2014 жылы бұл параметрдің мәні 100 артериялдық гипертензиясы бар науқастарына шаққанда 5,9 деңгейінде болды, одан әрі 2015 және 2016 жж. тиісінше 100 науқасқа шаққанда 5,4 және 5,7 құрады. 2017 ж. көрсеткішінің ең жоғарғы мәнінен кейін 100 науқасқа шаққанда - 6,9 құрса, 2018 ж. ол 100 науқасқа шаққанда 6,5 дейін темендеді. Жалпы алғанда, артеиялдық гипертензиясы бар науқастаға арналған денсаулық мектебінде бақылаудан өткен артеиялдық гипертензиясы бар пациенттердің салыстырмалы санының өзгеруі бақылау кезеңі ішінде тұрақты болған жоқ, бұл туралы осы үрдісті 87,6%-ға аппроксимациялайтын трендтің полиноминалдық тендеуі күеландырады [3].

Артериялдық гипертензиямен ауыратын науқастардың әлеуметтік портретінің ерекшеліктерін анықтау мақсатында Қарағанды қаласының № 3 қалалық емханасында бақылана-тын артериялдық гипертензиясы бар еңбекке қабілетті жастағы 314 пациентке саулнама жүргізілді.



2 сурет – Қарағанды қаласының тұрғындары арасында артериялдық гипертензиямен алғашқы аурушандық динамикасы (1000 адамға шаққанда)

1 кесте – Артериялдық гипертензиямен ауыратын науқастарының жас ерекшелігін сипаттау көрсеткіштері

Респонденттер арасында ерлер-181 (57,64%), әйелдер үлесі 42,35% (133 адам) құрады. Артериялдық гипертензиясы бар науқастардың жасы бойынша бөлу 1-кестеде көрсетілген. Респонденттер арасында ең көп бөлігін 50-59 жас аралығындағы пациенттер құрады (n = 19, яғни 60,5% құрды). Бұл ретте саулнамаға қатысқан әйелдер арасында осы жас тобының үлес салмағы статистикалық жағынан елеулі болды ( $p<0,05$ ), бұл ерлер арасындағы осы аталған көрсеткіштен анағұрлым жоғары болды (53,2% қарсы 70,6%). Осы жерде бір затты айта кету керек, саулнамаға қатысқан 34 (18,7%) респонденттердің жасы 30-дан 39 жас аралығында болды. Саулнамаға қатысқандардың санынан осы жас тобындағы үлес салмағы статистикалық мәні бар ( $p<0,05$ ), аталған көрсеткіш ерлер арасында жоғары болды (6,1 қарсы 18,7%).

Саулнамаға қатысқан артериялдық гипертензиясы бар науқастардың (n=169, 53,8%) жартысынан астамы темекі шегеді. Саулнамаға қатысқан науқастар арасында (60,1%) ішімдік ішеміз дегендер саны 58,6% құрды. Бұл ретте артериялдық гипертензиясы бар ерлер арасында темекі шегу жиілігі (79,1%) және ерлер-пациенттердің алкогольді тұтыну жиілігі (81,8%) құрса, осы зиянды әдептердің әйелдер арасында таралуына қатысты статистикалық маңызды айырмашылықтарды ( $p<0,05$ ) сипаттайты (тиісінше 39,6% және 29,8%). Саулнамаға қатысқандардың арасында темекі шегу жиілігі ерлер үшін 64% және әйелдер үшін 18%-ды

құрайтын популяциялық мәліметтерден едәүір асып түскенін атап өткен жөн [6].

Қазіргі уақытта мамандардың көшілігі артериялдық гипертензияны бар науқастар өзін-өзі емдеу процесіне белсенді қатысуын орынды деп таниды. Бұған кең мүмкіндіктер артериялдық қысымды өзі бақылау әдісін ұсынады, ол пациенттің емге бейімділігін артыруға мүмкіндік береді. Артериялық қысымды дербес бақылау әдісі қазақстандық, еуропалық және американцы мамандармен регламенттелген профилактикалық іс-шаралар кешенінің маңызды элементі болып табылады. Пациенттердің антигипертензияға қарсы емдеуге белсенді қатысуы және АҚ тұрақты дербес бақылауы ерте диагностикалаудың, емдеудің тиімділігі мен асқынудардың алдын алудың анықтауышы факторларының бірі болып табылатыны дәлелденген. Сауланамаға қатысқандардың үштен бір бөлігі ғана өзінің артериялық қысымын үнемі бақылайды (30,2%). Әйел респонденттердің көшілігі соңғы рет бір айдан астам уақыт бұрын артериялық қысымды өлшеді (38,3%), ал ерлер арасындағы осындағы респонденттердің үлесі 9,6% ( $p<0,05$ ) құрады. Сонымен қатар, сауланамаға қатысқан ерлердің көшілігі (36,7 %) соңғы рет қашан өлшеген деген саулға «есімде жоқ» деп жауап берді, ал мұндай көрстекіш әйелдердің арасында 10,7% – ды құрды, бұл ( $p<0,05$ ) тәмен екенін көрсетті.

### ӘДЕБИЕТ

1 Балабина Н. М. Элементный статус и риск развития сердечно-сосудистых осложнений у больных артериальной гипертензией /Н. М. Балабина, С. Ю. Баглушкина //Сиб. мед. журн. – 2014. – Т. 125, №2. – С. 48-51.

2 Гуров А. Н. Организация медицинской экспертизы при артериальной гипертензии и ее профилактика. – М.: ГУ МОНИКИ им. М. Ф. Владимиরского, 2011. – 314 с.

3 Ишемиялық инсульттің қауіп факторлары /Т. К. Қуандықов, В. В. Мұтағыров, А. Ж. Данияров и др. //MEDICINE (Almaty). – 2018. – №4 (190). – С. 80-88.

4 Недогода С. В. Нужен ли контроль

ЧСС при лечении артериальной гипертензии? //Рос. кардиол. журн. – 2014. – №1 (105). – С. 107-110.

5 Распространенность факторов риска основных сердечно-сосудистых заболеваний среди жителей Южно-Казахстанской области // Вестник КазНМУ. – 2016. – №2. – С. 82-85.

6 Эффективность унифицированного пошагового алгоритма лечения для обеспечения контроля артериального давления у больных с артериальной гипертензией в амбулаторной практике: результаты исследования ПЕРФЕКТ /Е. Н. Амосова, Ю. В. Руденко, О. И. Рокита, И. Ю. Кацитадзе //Сердце и сосуды. – 2014. – №1 (45). – С. 34-44.

### REFERENCES

1Balabina N. M. Jelementnyj status i risk razvitiya serdechno-sosudistyh oslozhnenij u bol'nyh arterial'noj gipertenziej /N. M. Balabina, S. Ju. Baglushkina //Sib. med. zhurn. – 2014. – T. 125, №2. – S. 48-51.

2Gurov A. N. Organizacija medicinskoj jekspertizy pri arterial'noj gipertenzi i ee profilaktika. – M.: GU MONIKI im. M. F. Vladimirsogo, 2011. – 314 s.

3Ishemijalyk insul'ttiң қауіп faktorlary /Т. К. Қуандықов, В. В. Мұтағыров, А. Ж. Даніяров і dr. //MEDICINE (Almaty). – 2018. – №4 (190). – S. 80-88.

4Nedogoda S. V. Nuzhen li kontrol' ChSS pri lechenii arterial'noj gipertenzi? //Ros. kardiol. zhurn. – 2014. – №1 (105). – S. 107-110.

5Rasprostranennost' faktorov riska osnovnyh serdechno-sosudistyh zabolevanij sredi zhitelej Juzhno-Kazahstanskoj oblasti //Vestnik KazNNU. – 2016. – №2. – S. 82-85.

6Jeffektivnost' unificirovannogo poshagovo algoritma lechenija dlja obespechenija kontrolja arterial'nogo davlenija u bol'nyh s arterial'noj gipertenziej v ambulatornoj praktike: rezul'taty issledovanija PERFEKT /E. N. Amosova, Ju. V. Rudenko, O. I. Rokita, I. Ju. Kacitadze // Serdce i sosudy. – 2014. – №1 (45). – S. 34-44.

Поступила 28.08.2019 г.

## **Организация и экономика здравоохранения**

---

*Ye. Zh. Makhambetchin, T. S. Sergaliyev, Sh. D. Dzhaketayev, A. K. Blyalova, G. V. Karshalova, D. S. Aubakirova,*

*Ye. N. Ospanova*

*QUALITY AND ACCESSIBILITY OF MEDICAL CARE FOR PATIENTS WITH ARTERIAL HYPERTENSION*

*NC JSC « Karaganda medical university» (Karaganda, Kazakhstan)*

The article is devoted to the study of the opinion of patients with hypertension about the availability and quality of medical care. According to most specialists in this field, patients with hypertension should learn how to provide first aid. According to most specialists in this field, patients with hypertension should learn how to provide first aid. According to experts, this type of help primarily helps the patient systematically monitors his health, and in some cases improves health. The method of independent observation of a patient with arterial hypertension is one of the important preventive measures for Kazakhstan, European and American doctors.

*Key words:* arterial hypertension, blood pressure, prevention, medical care, accessibility

*Е. Ж. Махамбетчин, Т. С. Сералиев, Ш. Д. Джакетаева, А. К. Блялова, Г. В. Каршалова, Д. С. Аубакирова,  
Э. Н. Оспанова*

*КАЧЕСТВО И ДОСТУПНОСТЬ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ ПАЦИЕНТОВ С АРТЕРИАЛЬНОЙ ГИПЕРТЕНЗИЕЙ  
НАО «Медицинский университет Караганды» (Караганда, Казахстан)*

Статья посвящена изучению мнения больных с артериальной гипертензией о доступности и качестве оказываемой медицинской помощи. По мнению большинства специалистов данной области больные с артериальной гипертензией должны научиться оказывать себе первую медицинскую помощь, так как такой вид помощи в первую очередь помогает больному систематически следить за своим здоровьем, а в некоторых случаях укрепит здоровье. Метод самостоятельного наблюдения больного с артериальной гипертензией является одним из важных профилактических мер для казахстанских, европейских и американских врачей.

*Ключевые слова:* артериальная гипертензия, артериальное давление, профилактика, медицинская помощь, доступность